

## **Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының Комплаенс қызметінің 2024 жылдың 1-ші тоқсандығына**

### **ЕСЕБІ**

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының Комплаенс қызметінің комплаенс-офицері қызметі штаттық кестеге 2024 жылдың қаңтар айынан бастап енгізілді.

Комплаенс-қызметі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған), Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ), Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасына (Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы №802 Жарлығы), Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы ашықтықты және айқындықты қамтамасыз ету жөніндегі жемқорлыққа қарсы стандартына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 174 бұйрығы), Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы өзге де қолданыстағы нормативтік құқықтық актілері және университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырады. Және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігіне және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының орындалуына бақылауды жүзеге асырады.

Комплаенс-қызметі басқа құрылымдық бөлімшелерден тәуелсіз, институттың Корпоративтік кеңесіне бағынады және есеп береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің негізгі мақсаты - институт және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын, Корпоративтік әдеп кодексін, Ішкі тәртіп қағидаларын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

Комплаенс-қызметінің негізгі міндеттері сыртқы нормативтік талаптар мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша озық халықаралық тәжірибенің сақталуын қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау және қайта бағалау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді жүзеге асыру болып табылады.

Комплаенс қызметін ұйымдастыру бойынша келесі құжаттар әзірленіп бекітілді:

Комплаенс қызметінің Ережесі (СМЖ ҚЕ 1-3-1-2023);

Комплаенс-офицердің Қызметтік нұсқауы (СМЖ ҚН 1-3-1-01-2023);

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стандарт.

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стандарт» барлық профессор-оқытушыларға таныстырылды және танысу парағына қол қойылды.

Институтта сыбайлас жемқорлықты, алаяқтықты және т.б. құқық бұзушылықтарды алдын алу бойынша сенім телефондары бар. Есепті кезеңде ақпараттандыру арнасы ретінде институт қызметкерлері, білім алушылар және басқа да мүдделі тұлғалар өздеріне белгілі немесе институтта сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың ықтимал мүмкіндігі туралы хабарлай алатын, сондай - ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мен қажетті кеңес алу бағытта тиімділікті арттыру жөнінде ұсыныстар енгізе алатын (8 (7262) 51-90-99, +7705-560-82-72) комплаенс қызметінің сенім телефоны (жедел желі) құрылды және жұмыс істейді. Сонымен қатар, институттың барлық оқу ғимараттарында және Студенттер үйінде сенім телефондары көрсетілген буклеттер көрінетін жерде сабақ кестесі жанында ілінген. Сенім телефонының нөмірі институт сайтында орналастырылған. Есепті кезеңде университетте сыбайлас жемқорлық және өзге де бұзушылықтар фактілері туралы жедел желі бойынша хабарламалар түскен жоқ.

2024 жылдың 15 сәуір күні Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты және ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаменті арасында сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған түрлі іс-шараларды қамтитын Кешенді жоспар әзірленіп, бекітілді. Жоспарда сыбайлас жемқорлықты алдын-алу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру бойынша пікірталастар, зияткерлік ойындар, құқық қорғау органдарының өкілдерімен кездесулер, акциялар және тағы басқа іс-шаралар қамтылған.

Оқу сессиялары алдында және өту барысында студенттермен қатар, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің және «AMANAT» партиясының өкілдерінің қатысуымен «Таза сессия» акциясы өтеді. Биылғы қысқы-емтихан сессиясында да Академиялық мәселелер жөніндегі проректордың өкімімен «Таза сессия» акция мүшелері өз жұмыстарын қажетті деңгейде орындап шықты.

Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректордың өкімімен Гранттар мен стипендияларды тағайындау, оқуға жеңілдіктер беру жөніндегі комиссия құрамына қоғамдық ұйымдар өкілдері кірді және комиссия жұмысы өте әділ жүргізілді, құжат тапсырушылар тарапынан ешқандай шағым болған жоқ.

2024 жылдың 5-ші ақпанында құқық қорғау ұйымдары өкілдерінің қатысуымен «Құқықтық сауаттылық – уақыт талабы» кездесу өтті. Кездесуге ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің Превенция басқармасы басшысының орынбасары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің полковнигі Бақтыхожаев Ербол Жұмақадырұлы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – әрбір азаматтың міндеті», Жамбыл облысы Полиция Департаментінің Криминалистикалық полиция басқармасының аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі, полиция капитаны Альжанов Шохан Берікұлы «Қоғамдағы алаяқтық мәселелері және оның алдын алу», Тараз қаласы 1-Полиция Басқармасы Криминалистикалық полиция басқармасының жедел уәкілі, полиция капитаны Диханбаев Айбек Бейсенбайұлы «Интернет алаяқтық мәселелері» тақырыбында сөз сөйледі. Кездесу соңында құқық қорғау органдарының өкілдері студенттерге Тараз қаласы әкімдігі және Полиция департаменті бірігіп дайындаған құқық бұзушылықты алдын алу, сақтық шараларды жасау нұсқаулық брошюралар таратылды.

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының студенттері сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымын қалыптастыру мақсатында жыл сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс жоспары әзірленеді және бекітіледі, тұрақты негізде лекторлық топтың жұмысы ұйымдастырылады, барлық білім беру бағдарламаларындағы студенттерге оқу-жұмыс жоспарына сәйкес «Құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет» атты міндетті пән жүргізіледі. «SANALY Uрpaқ» клубы, Студенттер үйінде «Адалдық дүкен» жұмыс істейді.

Институттың әрбір студенті «Sanaly Uрpaқ» клубының базасында өткізілетін құқықтық сауаттылық тренингтеріне қатыса алады. «Sanaly Uрpaқ» клубының жетекшісі Жастар саясаты және тәрбие жұмысы басқармасының басшысы Бекназаров Бахтияр. 2024 жылға «Sanaly Uрpaқ» клубының мүшелері қайта бекітілді. Студенттердің оқуға деген тұрақты қызығушылығын ояту, білім культін қалыптастыру үшін адалдық, ашықтық, еңбекқорлық, өзін-өзі тәрбиелеу сияқты жеке қасиеттерді насихаттау бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілуде.

Жастар саясаты және тәрбие жұмысы басқармасы ықтимал тәуекелдерді, ЖОО-дағы сыбайлас жемқорлық фактілерін анықтау, сыбайлас жемқорлық әрекеттерін көрсетуге ықпал ететін мән-жайларды, фактілерді жою жөнінде уақтылы шаралар қабылдау, сондай-ақ студенттерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында білім алушылар арасында әлеуметтік анонимді сауалнамалар жүргізді. Сауалнамаға қатысқан көпшілігі, шамамен 90% «Сыбайлас жемқорлық - бұл жеке мақсаттар үшін пайда табу үшін теріс пайдалану және ақшалай пара» деп санайды. Сауалнамаға қатысқандардың шамамен 70% «Сыбайлас жемқорлық қымбат сыйлық түріндегі пара және бюджеттік ақшаны өзімшілдік мақсатта пайдалану» деп санайды. Осылайша, сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі ҚР заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлық және оған қатысты негізгі нысандары туралы нақты түсінікке ие. «Сіз ЖОО-дағы сыбайлас жемқорлықты қалыпты жағдай деп санайсыз ба?» деген сауалнамаға қатысқандардың басым көпшілігі - 99% теріс жауап берді, бұл институт қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы кеңістіктің құрылғанын көрсетеді. Яғни студенттердің 99%, егер олар осындай жағдайға тап болса, пара беруге ынталы емес, бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру процесінің бар екендігін көрсетеді. Осылайша, білім алушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша профилактикалық жұмыс жалғасуы тиіс.

Есепті кезеңде мүдделер қақтығысының туындау фактілері, оның ішінде жұмысқа орналасу мәселелерінде орын алған жоқ. Институт қызметкерлерінің бірқатарына ауызша өтініштері бойынша мүдделер қақтығысының туындауын болдырмау мәселелері туралы түсіндірмелер мен кеңестер берілді. Мүдделер қақтығысының туындауына қатысты мәселелер институт қызметкерлерімен және студенттерімен кездесулерде, институттың қызметі үрдісінде, оның ішінде жұмысқа орналасу мәселелерінде, атап айтқанда оқытушы мен студент арасында оқу үрдісінде осындай қақтығыс туындауы мүмкін нақты мысалдар келтіре отырып талқыланып, түсіндірілді. Институт басшылығы мен қызметкерлері арасындағы еңбек қатынастары мәселелерін талдау, жақын туыстарының бірлескен жұмысы түріндегі мүдделер қақтығысының болуы, яғни олардың бір-біріне тікелей бағыныста болуы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған адамды институтқа жұмысқа орналастырудың фактісі анықталмаған.

Институтта барлық құқық қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет өкілдерімен және институттың бірлесіп, қызметкерлер мен студенттерге Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау, парасаттылық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздерін қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру және оқыту іс-шаралары мен семинарлар,

өткізілген іс-шаралар, онда қатысушыларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптарға арналған үлестірме материалдар, институттың әлеуметтік желілеріндегі парақшаларында және БАҚ-та жарияланып ртырады. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша (қызметтік тексеру шеңберінде) институттың студенттерімен қызметкерлерімен комплаенс-офицер жеке кездесуге болады.

Халықаралық Тараз инновациялық институты өткен жылы «Адалдық сағаты» акциясы аясында институтымыздың есімі берілген халық жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, журналист, ұлт жанашыры Шерхан Мұртазаға арналған бейне-дәріс түсірілімі жасалса, биыл әлем мойындаған саясаткер, ғалым-публицист, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, туғанына 130 жыл толған Тұрар Рысқұловқа арналмақ. Сонымен қатар, осы жылы танымал тұлғалардың қатысуымен TedX форматында бірлескен конференция және студенттермен Печа-куча (PechaKucha) форматында диалог алаңын және «ANTIPARACRAFT-2024»

интеллектуалды ойынын өткізу өткізу ұйымдастыру жоспарлануда.

Комплаенс қызметінің комплаенс-офицері

О.К.Жолдасова